

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Алматы қаласы Білім басқармасының
«Принтмедиа технологиялар колледжі» КМҚК



«БЕКІТЕМІН»
Колледж директоры
Г.А. Абдуллаева
2026 ж.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Интеллектуалдық рубеж:
білім шекаралары» атты қалалық олимпиаданы өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Алматы қаласының мемлекеттік колледждерінің бірінші курс студенттері арасында физика, математика және информатика пәндері бойынша қалалық олимпиаданы өткізу мақсатында әзірленген.

Осы Ереже Алматы қаласының мемлекеттік колледждерінің бірінші курс білім алушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша «Интеллектуалдық рубеж: білімнің қырлары» атты қалалық олимпиаданы *(әрі қарай – Олимпиада)* өткізу мақсатында әзірленді.

1.2. Ереже Олимпиаданың мақсаттарын, міндеттерін және өткізу тәртібін айқындайды.

1.3. Олимпиаданы ұйымдастырушы – Принтмедиа технологиялар колледжі.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Физика, математика және информатика саласындағы дарынды білім алушыларды анықтау және қабілеттерін дамыту.

2.2. Білім алушылардың логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

2.3. Білім алушылардың пәнаралық білімін тереңдету және оны практикада тиімді қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыру.

3. Олимпиадаға қатысу тәртібі

3.1. Олимпиадаға Алматы қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 1-курс білім алушылары қатыса алады.

3.2. Олимпиадаға 2026 жылғы 25 сәуірге дейін өтінім беріп, тіркелген тұлғалар ғана қатысуға жіберіледі.

3.3. Әр білім беру ұйымынан Олимпиадаға үш білім алушыдан тұратын екі команда (қазақ тілінде – 3 қатысушы, орыс тілінде – 3 қатысушы) қатыса алады.

3.4. Олимпиаданың барлық тапсырмалары қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

3.5. Олимпиада үш кезеңнен тұрады:

I кезең – «STEM әлемі».

- қатысушылар «Бір идея – үш ғылым» тақырыбында бейнеролик дайындайды. Бейнероликте физика, математика және информатика пәндерінің өзара байланысы көрсетілуі тиіс.

- I кезең нәтижелері бойынша үздік қатысушылар келесі кезеңге өтеді.

- бейнероликке қойылатын талаптар:

- форматы: avi, mov, mpeg, mp4;
- ұзақтығы: 3 минуттан аспауы керек;
- жанры – еркін (репортаж, тәжірибе, анимация және т.б.);
- мазмұны ғылыми тұрғыдан дұрыс болуы тиіс;

- бірінші кезең тапсырмасы (бейнеролик) apk.5@mail.ru электрондық поштасына қатысушының аты-жөні, команда атауы және оқу-орнының атауы көрсетіле отырып, белгіленген мерзімге дейін жіберілуі тиіс.

II кезең – «Зияткерлік сайыс».

- бұл кезеңде қатысушыларға математика, информатика, физика пәндері бойынша сұрақтар қойылады.

III кезең – «STEM практикасы»

- Қатысушылар келесі тапсырмаларды орындайды:

- математикалық есептер;
- информатика пәні бойынша есептер;
- физикалық есептер.

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Олимпиадаға қатысу үшін №1 қосымшаға сәйкес өтінім тапсыру қажет.

4.2. Олимпиадаға қатысу үшін қатысушылар тіркеу формасын толтырып, өтінішті сайт арқылы жолдауы қажет: <https://apk5.edu.kz/>.

4.3. Олимпиаданың өткізілу күні: 30 сәуір 2026ж.

5. Олимпиаданы өткізу ережелері

5.1. Олимпиадаға қатысушылар келесі ережелерді сақтауға міндетті:

5.1.1. Қатысушылар тапсырманы өз бетінше, бөгде көмексіз орындауы тиіс;

5.1.2. Ұялы телефондарды, интернетті және басқа да электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады;

5.1.3. Ережені бұзған қатысушы олимпиададан шеттетіледі.

5.2. Қатысушылар ұйымдастырушыларға және басқа қатысушыларға құрметпен қарап, тәртіп сақтауы тиіс.

5.3. Әр қатысушыға жауап парағы және тапсырмаларды орындауға қажетті құралдар беріледі.

6. Марапаттау

6.1. Олимпиадада жеңімпаздар I, II, III димпломдармен марапатталады және қатысқаны үшін сертификат беріледі.

6.2. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады және қайта қаралмайды.

Принтмедиа технологиялар колледжі

Алматы қаласы

Шевченко көшесі, 202

Е-mail: apk.5@mail.ru

Тел.: +7 707 755 4190

Ұйымдастырушылар: ЦӘК «ЖМБ»

Қосымша 1

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Интеллектуалдық рубеж:
білімнің қырлары» атты қалалық олимпиадаға қатысу үшін
ӨТІНІМ**

Қатысушы туралы ақпарат	
Аты-жөні	
Оқу орны: оқу орнының толық атауы	
Байланыс телефоны	
Оқытушы туралы ақпарат	
Аты-жөні	
Байланыс телефоны	